

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Талдық негізгі орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Жалпы сипаттамасы:

Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талдық негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, индекс 030050, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қайрақты ауылдық округі, Талдық ауылы, Н.Әлдекешов көшесі, №1 үй

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Тел./ факс: 8(71339) 73245. Эл.почтасы: taldyk.mektep@mail.kz
Сайты: <https://taldyk-aitekebi.edu.kz>

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Аманов Кайрат Лайыкулы 05.01.2021 жылы Әйтеке би аудандық білім бөлімі басшысының №43 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалды.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:

Ұйымның жарғысы:

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанының № 469 қаулысымен бекітілген; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Әйтеке би ауданының бөлімімен заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу 2021 жылғы 16 қаңтарда жүргізілген. Тіркеу нөмірі №157-1904-16-ММ

Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы:

БИН: 97064001466, 16. 01. 2021 жылы берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні: 09.06. 1997 жыл.

Рұқсат беру құжаттары:

Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы лицензия №KZ82LAA00021520. Беріген күні: 02.02.2021 жыл.

Білім беру ұйымының материалдық жағдайы:

«Талдық негізгі орта білім беретін мектебі» КММ ғимараты орналасқан территориясының жалпы аумағы -2292 шаршы метр, 1 қабатты ғимаратта орналасқан. Жобалық қуаты: 100 орындық. Ғимарат көлемі: 574, 6 шаршы метр. Ғимараттың типтік сипаттамасы: 1 қабатты ғимарат, ішкі және сыртқы тұрақты қабырғаларының материалы – саман кірпіш. Қатты отынмен жылытылады. Дәретхана ғимараты мекеме ішінде орналасқан.

Қызмет жүйесі: басталуы – 7:45, аяқталуы: 19: 15. Білім беру тілі- қазақ. Педагог кадрлар саны: 14. Декреттік демалыста -1 мұғалім. Кітапханашы -1 мұғалім. Іс қағаздарын жүргізуші – 1. Ауысым саны : 2.

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана,	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі	Ескерпе(тамақтандыру объектісінің жалға берген жағдайда жалға
--	--	--	---

мекен-жайы	буфет, дәмхана)	туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы(күні және нөмірі)	алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
1	2	3	4
Қазақстан Республикасы, индекс 030101, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қайрақты ауылдық округі, Талдық ауылы, Н.Әлдекешов, №1 үй	Асхана	Санитарлық – эпидемиологиялық қорытынды № D.017X.KZ35VWF00054430 06.12.2021 жыл.	ИП «Кеншинбаева Г.Р.» ЖСН 801010400516. Қызмет көрсету туралы шарт №37210 04.07.2023 ж.

Талдық негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 5 класс комплектісінде – 25 оқушы. Мектепте оқу-тәрбие процесінде білім алушыларға 12 педагог қызметкер білім береді. Олардың 58% -ы жоғары білімді, 42 %- ы арнаулы орта білімді мамандар. Мектепте өрттен сақтандыру дабыл қаққышы қондырылды. Бейнебақылау қызметі жұмыс жасайды.

12-Тармақ. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі

2023-2024 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптары басшылыққа алынып оқу жоспары жасалды. 2-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша жасалды. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жұмыс оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта білім беру бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндерден берілген. Оқу пәндерінің апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалып, оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілді. 2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 94,5 сағат, негізгі орта білім беруге 156 апталық жүктеме беріліп, бекітілді. 2023-2024 оқу жылының сабақ кестелері оқу жоспарына сәйкес жасалды. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылғ

ан.Сабақ кестесі Bilimklass жүйесіне енгізіліп, әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары мен оқу бағдарламаларының сағат сандары көрсетілді.Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

**2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы
3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8424 болып тіркелген)
жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына
(бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге
асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.**

2023-2024 оқу жылының үлгілік оқу жоспарын сәйкес 1-9 сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорының мөрімен бекітілген.Оқу бағдарламаларын базалық мазмұны «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына , «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген.Пәндер бойынша оқу бағдарламаларында оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым, айтылым, оқылым, жызылым дағдылары қамтылған.Оқу жылына арналған оқу мақсттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген.Ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік- тақырыптық жоспарды мұғалімдер әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітті. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, оқыту мақсаттарының реті айқындалған.Оқу бағдарламаларында зертханалық, практикалық жұмыстар орындау қарастырылған.Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар Bilimklass электронды журналына енгізілді.Мектептің оқу пәндерінің базалық мазмұны негізгі орта білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді, пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар есерілген. 2023-2024 оқу жылында сыныптар бойынша білім сапасы – 70,5%.

**4. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті
жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге
және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға
бағытталған тәрбие жұмысын
іске асыру.**

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары құрылды.Мектепте тәрбие ісінің орынбасары -1, кітпханашы -1, тәрбиеші-1, сынып жетекші- 5, педагог-психолог-1, әлеуметтік педагог-1 жұмыс жасады.

Қыркүйек- білім айы. Бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында Талдық негізгі орта білім беретін мектебінде төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылды .1 қыркүйек білім күні «Мектеп –мейірім мекені» тақырыбында 1-9 сыныптар аралығында сынып сағатары

Ұйымдастырылды. «Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы» аясында мектеп психологы Арганатова А, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ізбасаров Ж, сынып жетекшісі Маканова А ұйымдастыруымен «Жолда жүру ережесін білесіңбе» тақырыбында оқушыларға сыныптан тыс түсіндірме 1-9 сынып оқушыларына сабақ ұйымдастырылды. «9 айға - 9 іс - шара» жобасы аясында 1-9 сынып оқушыларының қатысуымен «Серпіту сәті» оқу-іс әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету мақсатында бейне ролик түсіріліп әлеуметтік желіге жарияланып чөлденжі ұйымдастырылды оқушылар белсене қатысты. «Адал ұрпақ» клубының мүшелерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» тақырыбында суреттер жинақталып оқушылар назарына ұсынылды. «Оқуға құшар мектеп» жобасы аясында А. Байтұрсынұлы – ұлы тұлға тақырыбында кітапханашы А. Амантаева 5-7 сынып оқушыларына кітап көрмесін ұйымдастырды. Қазан айында 1-9 сынып арасында ұстаздың адам өміріндегі алатын орны зор екендігін ұстаздарды құрметтеу, сылай және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту мақсатында «Ұстаз сіздің алдыңызда» тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылды. Сонымен қатар Сақтағанова Ш «Шәкірттің мерейі-ұстаздың бақыты» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен мектепшілік мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мектеп кітапханашысы Амантаева А «Абай Құнанбаев – Мәңгілік тақырып» тақырыбында 4-9 сынып оқушыларына А. Құнанбаевтың өмірімен шығармашылығын таныту және ынабаттылыққа парасаттылыққа, имандылықпен ізгілікке тәрбиелеу мақсатында поэтикалық марафон ұйымдастырды. Қазақ тілімен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кенжебаева Т Алаш Қозғалысының қайраткері, ақын Матжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай 7-9 сынып оқушыларына әдеби танымдық кеш ұйымдастырды. Кеш барысында оқушылар Матжанның өмірбаянын тыңдап, ақын туралы бейнежазба көсіліп ақын шығармаларын оқушылар жатқа оқыды. Ақын, жазушы, философ, тарихшы Шәкерім Құдайбердіұлының туғанына 165 жылдығына арналып 8-9 сынып оқушыларына тарих пәнінің мұғалімі Ізбасаров Ж танымдық кеш ұйымдастырды оқушылар белсене атсалысты «Зиянды тәрбиелеу мақсатында тренинг сабақ ұйымдастырды. Оқушылар осы зиянды заттардың салдарын біліп өз ойларын ортаға салды. 25-қазан «Республика күні» қарсаңында оқушыларды туған жерін, елін ардақтап өтуге үйрету, бақытқа жетер даярлық жолын бірі-туған отанды сүйуден басталатындығын түсіндіру мақсатында 1-9 сыныптар тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Талдық негізгі орта білім беретін мектебінде аудандық жоспарға сәйкес 2023 жылғы 16-23 қазан аралығында баланы жабірлеудің (буллингтің) алдын алуға бағытталған іс-шаралар жоспары жасалды. Олар төмендегі «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» Тәрбие сағаты 16.10.2023-19 сыныптар Барлық сынып жетекшілері «Буллинг және оған қарсы тұру» тренинг 17.10.2023 5-9 сыныптар Психолог. Арганатова А. «Мейірімділік әлемді құтқарады» Сурет көрмесі 17.10.2023 1-4 сыныптар Сынып жетекшілері. Тәлімгер. Айматова Т. «Буллинг: Қатыгездік қайдан, қайтп неден?» Дебат 19.10.2023-5 сыныптар Казбекова. С. «Біз буллингке қарсымыз» Дөңгелек үстелі 9.10.2023 Мектеп мұғалімдері Арганатова. А «Отбасы және бала тәрбиесі» Ата-аналар жиналысы

20.10.2023 Артанатова.Атакырыптарында бiркатар тәрбиелiлiк iс-шаралар ұйымдастырылды.

2-тоқсан Қараша айында Талды негiзгi орта бiлiм беретiн мектебiнде мектеп психологы Артанатова А «Бақытты бала- бақытты отбасы» тақырыбында көп балалы аналармен кездесу кешiн ұйымдастырды. «Оян ар мен адалдық» тақырыбында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Жеткiшектiң жетi жарғысы» жобасының жоспарына сәйкес жоба жетекшiсi Iзбасаров Ж.Е сыныптан тыс шара ұйымдастырды .Шараға оқушылар белсене ат салысып парасатты азамат болып қалыптасулары үшiн оқушылар өз ойларын еркiн ортаға салды. « Тоғыз айға тоғыз iс-шара» жобасы аясында « асық ату» чөлeнджi ұйымдастырды . Шараға 5-9 сынып оқушылары белсене атсалысты. Мектеп кiтапханашысы Амантаева А «Жақұты барға жасын түспейдi» тақырыбында 1-5 сынып оқушыларына кiтап көрмсiн ұйымдастырды . Дене шынықтыру пәнiнiң мұғалiмi Мұфтаков Е «Әлемдi бағындырған спортшылар»тақырыбында фото көрме ұйымдастырды.«Қызым сен тында» атты 100 сұрақ дөңгелек үстел форматында психолог Артанатова А мен ә/педагог Сейтимова Г 7-9 сынып қызбалалармен кездеу өткiздi. «Зорлық зомбылықтың алдын алу»тақырыбында барлық сынып жетекшiлерi сынып сағаттары өткiздi.« СПИД-XXI ғасыр дертi» тақырыбында психолог Артанатова А 7-9 сынып оқушыларына дөңгелек үстел ұйымдастырды

Қантар айында Сағындыкова М «Туған өлке акында шығармалары» тақырыбында 5-8 сыныптарға танымдық кеш өткiздi. Шараның мақсаты Ақтөбе өңiрiнен шыққан акындардың шығармаларымен танысып , өлеңдерiн жатқа айтып өмiрбаяндарымен танысты.Мектеп кiтапхашысы Амантаева А «Мен оқыған бiр ертегi» тақырыбында1-4 сыныптарға кiтап көрмесiн өткiздi.Оқушылар өздерi кiтапханадан ертегi кiтаптарын тандап алып оқыған ертегiлерiмен оқушылармен бөiлiстi. 7-9 сынып оқушыларына ТТЖО Iзбасаров Ж.Е «Кемелетке толмағандардың арасында ғы құқықбұзушылықтың алдын алу , зорлық –зомбылықтың , қорлаудың , балалар арасында атыстардың алдын алу бойынша 8-9 сынып оқушыларына « Кемелетке толмағандардың құқықтарымен мiндеттерi» тақырыбында баяндама оқылды. «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» тақырыбында 5-6 сынып денешынықтыру пәнi мұғалiмi Мұфтаков Е. тоғызқұмалақтан мектепшiлiк турнир өткiздi. Аудандық жоспарға сәйкес « Досболоик» достық қолын ұсын акциясын жалғастыру мақсатында 29-2 ақпан арлығында атталық iс-шаралар ұйымдастырылды. «Досболойк» достық қолын ұсын акциясына барлық сынып оқушылары шын жүректен тiлек , лездеме,мақал мәтел ,газет шығару мектеп психологы Артанатова А оқушылар мен мұғалiмдер арасында тренинг ұйымдастырды. Ұйымдастырылған шаралардың мақсаты оқушылармен мұғалiмдер арасында достық қарым – қатынастарын одан әрi нығайтып .ұжымдық, сыйластық , топ болып жұмыс iстеу қабiлеттерiн одан әрi дамыту .Ақпан айында Маканова А « Мен отбасымды мақтан тұтамын» тақырыбында тәрбие сағаттын өткiздi. Және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстары бойынша ТПО Iзбасаров Ж оқушылармен мұғалiмдер арасынан сауалнама алды . Мақсаты.Сыбайлас жемқорлық туралы көзқарастарын бiлiп ,одан мемлекетке қоғамға қандай зиян келетiндiгi туралы түсiнiктерi бақыланды. « Алаяқтықтардың алдын алу бойынша» Мектеп психологы Артанатова А. ,ТПО Iзбасаров Ж. « Абайлайлаңыз алаяқ» « Алаяқтардан сақ болайық»

Такырыбында мектеп ұжымымен оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді «Жеткіншектің жеті жартысы» жобасы аясында «Зан және біз» тақырыбында 9 сынып жетекшісі Мақанова А сынып сағатын ұйымдастырды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мектеп кітапханашысы Амантаева А «Жырлайды жүрек» мұқағалидың өлеңдерін жатқа меңгеріп оқу бойынша чөлденж ұйымдастырды. «Ғаламтор қайыпсіздігі» жобасы аясында 7-9 сынып оқушылары арасында «Пайдалы және қайыпсіз интернет» тақырыбында танымдық сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты. Интернетті пайдаланудың ережелерімен қауіпсіздіктерін сақтау туралы оқушыларға кеңінен түсіндірілді. Аудандық жоспарға сәйкес «Занды білу жоспары - заман талабы» 12-16 ақпан аралығында оқушылар арасында құқық апталығын өткізу бойынша бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. «Занды білу жоспары - заман талабы» тақырыбында барлық сынып жетекшілері сынып сағаттары өткізді. Сонымен қатар Ұшқын дебат клубы жетекшісі Казбекова С «Тәртіп тәрбие бастауы» тақырыбында дөңгелек өткізді. «СБН өз құқығыңды білесіңбе» тақырыбын Ізбасаров Ж 7-9 сыныптарға сайыс сабағын өткізді. Арманатова А «Зан және біз» тақырыбында семинар ұйымдастырды. Әлеуметтік педагог Сейтимова Т «Бүлінгі дегеніміз не?» 8,9 сынып оқушыларының қатысуымен семинар тренинг өткізді. Семінар барысында бүлгіннің алдын алумен әдістері, құресу жолдары таныстырылып оқушылар ойларынмен бөлісті. Кенес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай Ізбасаров Ж ауыл азаматы ауғансоғысының ардагері Ізбасаров Н ағайдың қатысуымен кездесу кеші өткізді. Наурыз айының атқарылған іс-шаралары. Аудандық жоспарға сәйкес 1-наурыз Алғыс айту күніне арналған іс-шаралар жоспарын орындау барысында қазақ тілімен әдебиеті пәні мұғалімі Сағындықова М «Алғыс айту - парызым» тақырыбында мектеп оқушыларының арасында 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен шығарма байқауы ұйымдастырылды шараға түгел оқушылар белсене атсалысты. Алғыс айту күніне орай тәлімгер Айматова Т 8-9 сынып оқушыларының қатысуымен әскери қызыметшілерге, ұстаздарға, дәрігерлерге, ата-аналарға арналған құттықтауларын әлеуметтік желіде жолдады және «Алғыс айту-парызым» тақырыбында барлық сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді. Аудандық жоспарға сәйкес «Баула және бағдаршам» 1-4 сыныптарға сағаттары өткізді. «Жол қауіпсіздігін сақтауымыз» тақырыбында 5-9 сыныптарға тәрбие сағаттарын өткізді. Жол ережесі мен қауіпсіздігін сақтау болып табылады

8- наурыз Халықаралық әйелдер мекресін ұйымдастыру бойынша мектебімізде «АНА» әнін барлық мектеп оқушылары хормен орындау бойынша республикалық чөлденж ұйымдастырылды. шараға оқушылар белсене қатысты. 8- наурыз Халықаралық әйелдер мекресіне орай Сағындықова М және тіо Ізбасаров Ж ұйымдастыруымен «Ана күнінің шуағы» тақырыбында мектепшілік концерт өткізді. 22 наурыз - Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары бойынша «Амал келді - жыл келді» тақырыбында қазақтың көне дәстүрін жанағарту бойын бірінші тәрбие сағаттары өткізді. Дебат клубының жетекшісі Казбекова С «Ұлтымыз Ұлыстың Ұлы күнін ұлықтайды» тақырыбында клуб мүшелерінің қатысуымен дебат өткізді шара барысында оқушылар өз ойларын еркін айттып әдет-ғұрып салт дәстүр туралы пікір алмасты. «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» тақырыбында 5-6 сынып ер балаларының қатысуымен денешынықтыру пәні мұғалімі Мұфтаков Б «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы наурызнаманың жанаша тойлау бойынша ұлттық спорт түрлерінен арқан тартыс, қол

күрес, асық ату түрлерінен жсайысқа түсті оқушылар белсене атсалысып марапатталды. «Ұлттық киім ұрпаққа мұра» мектеп оқушыларының ұстаздардың қатысумен ұлттық киім шеруі ұйымдастырылды. Сонымен қатар сынып жетекшілерінің және ата аналардың қатысуымен «Наурыз дастарханы» акциясы ұйымдастырылды. Наурызнама жоспары бойынша «Жаңару күні» 7-9 сынып оқушыларының қатысумен мектеп бөлмелеріндегі гүлдерге тазалау баптау жұмыстарын жүргізді. Қоғамға қызымет валантерлық көмек бойынша 8-9 сынып ер балаларының қатысумен ауыл зейнеткерә Ізбасарова Б. апайдың үйіне көмек көрсетілді, қардан тазарту жұмыстары жүргізілді.

Сәуір айыда мектеп мейірбикесі Туреханов Г 8-9 сынып қыз балаларының арасында «Ерте жүктіліктің зардабы» тақырыбында ұйымдастыруымен тәрбие сағаты ұйымдастырылды. .Сонымен қатар сынып жетекшілермен оқушыларға мектеп оқушыларының форма талаптары түсіндіріліп мектеп залына стенд орналастырылды.Сонымен қатар « Сәуір –экология айы» аясында «Мейірімді жандар»Еріктілер клубының мүшелерінің қатысумен экологиялық тәрбие берумен ,қоршаға ортаны таза ұстауға баулу еңбекке баулу мақсатында сынып сағаттары және мектеп ауласына тазалық жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар аудандық білім бөлімінің ұымдастыруымен «Су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздік» «Шомылу маусымындағы қауіпсіздік ережелері тақырыбында 8-9 сынып оқушыларына онлайн сабақ өткізілді . « Кітапханаларға саяхат»тақырыбында кітапханашы Амантаева А«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап көрмесін ұйымдастырды. Және дебат клубының жетекшісі Казбекова С ұйымдастырумен клуб мүшелерінің қатысуымен « Қазақстанда қоршаған ортаның ластанбауы үшін не істеу керек» тақырыбында дебат өткізілді. Оқшылар сабақ барысында өздерінің интеллектуалдыы логикалық ойларын ортаға салды. «Сыныптағы қарым –қатыныс» тақырыбында Әлеуметтік педагог Сейтимова Г семинар тренинг ұйымдастырды . АППҚО жетекшісі Сейтимова Г,Психлог Арганатова А,сынып жетекші Казбекова Г ,Маканова Аұйымдастыруымен ата-аналардың қатысуымен тренинг тер сауалнама ,ойында , ой бөлісу жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектеп психологы Арганатова А ұйымдастыруы мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында сауалнама алынды . 5- сынып жетекшісі Сейтимова Г « Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Сонымен « Жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру балалардың шығармашылық дамуы мен толық қанды дем алуына жағдай жасау» тақырыбында семинар ұйымдастырылды.

Мамыр «Ынтымақ айы» аясын 1- мамыр Қ.Х бірлігі күніне орай барлық сыныптарда сынып сағаты ұйымдастырылды. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Амантурлиева Ш 8 сынып оқушыларына эссе жаздырды. «Таза Қазақстан» акциясы аясында мектеп ауласына оқушылардың қатысуымен тазалық жұмыстары сондайақ мектеп бітіруші түлектер мектеп ауласына тал егу, көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. « Мейірімді жандар»еріктілер клубының ер балаларының қатысумен «құстарға ұя жаса» акциясы ұйымдатырылды. Сонымен қатар 11 мамыр « игі істер акциясы» жобасына орай тәлімгер Сағындықова М зейнеткер Алдиярова Л апайдың үйінің ауласына тазалық жұмыстарын жүргізіп зинеткердің батасын алды. ААПҚО жеткшісі Сейтимова Гұйымдастырумен «Отбасы құндылығы сарқылмас қазына» тақырыбында сабақ өткізді

сабақ барысында тренинг, сауалнама, пікірлер тыңдалды. Ата-аналарды 15 мамыр – Халықаралық отбасы күнімен құттықтап, мереке отбасылық құндылықтарды нығайтуға негізделгені айтылды. Орталықтың ата-аналарымен жүргізілген жұмыстарын зерделей келе қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан ата-ана Смагулова Ж.Ш марапатталды. Дебат клубының жетекшісі Казбекова С дебат клубы мүшелерінің арасында «БП Мектептерде телефон қолданбау заңы білімнің цифрланбауына кедергі» тақырыбында дебат өткізді. 17 мамыр БУУЖКРОССИНГ жобасы «Аудандық жолапқа сейкес 3-9 сынып оқушыларының қатысумен «Каникулда кітап кітап оқйық» акцисы ұйымдастырылды оқушылар белсене атсалысты. Аудандық ТЖБ мамандарының қатысуымен өрт және жаз кезіндегі шомылу аймақтарындағы сақтық шаралары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 25 мамыр ХҚ.ҚР тұңғш қорғаныс министірі С.Нұрмағанбетовтың 100 жылдық мерей тойы қарсаңында 5-9 сынып оқушыларына сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен бірінғай сынып сағаттары ұйымдастырылды. сынып сағат барысында С.Нұрмағанбетовтың өмірбаяны, еңбек жолы ,ерліктері, туған жері баяндалды. 24 мамыр күні «Білімim отаныма» тақырыбында 1-8 сынып оқушыларының арасында сынып сағаты ұйымдстырылды. Амантурлиева Ш Мектеп бітіруші 9 сынып оқушыларынанан «Мен.Мектеп. Ұстаз» тақырыбында эссе жаздырды. Бағалық шақтан ересек өмірге көшу өз болашағы туралы ойларын және мектепке ұстаздарға өздерінің ыстық лебіздерін білдіріп шығармаларын баяндады.

Білім алушылардың рухани –адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жетекшілігінде сабақтан тыс іс-арекеттің арнаулы нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-арекеттің ар түрлі нысандарын ұйымдастыру

2023-2024 жылы жалпы мектепте 39 оқушы. Мектебімізді үш үйірме жұмыс жасады. «Хор», «Шахмат», «Театр» үйірмелері. Сонымен қатар Дебат клубы жұмыс жасайды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және еске мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінде ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ.

ҰОЖ сайкес жүзеге асырылтын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып бекітілді. Вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілді. Үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компоненті орындалған.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының зерделегуі

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 24 тармақшасын орындау мақсатынды 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарды «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктеесі: 1-3 сыныптарда-6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 75 тармағы 6 тармақшасын орындау мақсатында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарды дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің жүргізуімен іске асырылды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы жүзеге асыру

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 25 тармақшасын орындау мақсатында «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 35 тармақшасын орындау мақсатында 5-8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 20% болу керек болса, Талдық негізгі орта мектебінде 4 бастауыш сынып мұғалімі, оның біреуі- педагог-сарапшы, біреуі – педагог зерттеуші, екеуі – педагог, 40% құрайды. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің пайызы 33% болса, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі – 54% құрайды.

Мектепте медициналық кабинет жоқ.0,25 штаттық бірлікте ауыл фельдшері қызметін атқарады.

Өрт қауіпсіздік талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі бойынша ғимаратта бір өртке қарсы бұрыш бар.Онда: күрек, құмы бар жәшік, сүмен және екі өрт сөндіргішпен жабдықталған.

Мектепте 1 физика кабинеті бар.Интернет қосылған 1 компьютер жұмыс жасайды, барлық ноутбуктер Wi-Fi желісіне қосылған.

Мектепте барлығы 5 оқу кабинеті бар.Оның ішінде мектепалды даярлық,қазақ-орыс тілдері, физика, бастауыш класс бар.

Мектепте ер және қыз балаларға арналған бөлек дәретханалар бар.Қыз балаларға арналған -1 унитаз, ер балаларға арналған -1 унитаз , жуынатын ортақ 1 раковина орнатылған.Және 1 қол кептіргіш ілінген.

Мектепке 13 бейнебақылау камерасы орнатылған.Оның ішінде ғимарат аумағы бойымен сыртта 5 камера, ғимарат ішінде 8 камера бар.Бейнебақылау камераларының барлығы іске қосұлы.

13-тармақ.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғарғы жүктемесіне қойылатын талаптар.

1.Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің сәйкестігі және сақталуы.

2023-2024 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген.Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған.Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған.Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкестігі сақталған. 2023-2024 оқу жылындағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі бастауыш білім беруде 1- сыныпта- 19,5 сағат, 2- сыныпта- 24 сағат, 3- сыныпта- 26 сағат, 4-сыныпта -26 сағат. Негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 29 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, 7-сыныпта – 31,5 сағат, 8-сыныпта – 33 сағат, 9-сыныпта – 34 сағатты құрайды.

2024-2025 оқу жылындағы оқу жоспарлары мен сабақ кестесі жасалып бекітілді. Апталық оқу жүктеме ең жоғарғы көлеммен сақталған. 2024-2025 оқу жылындағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі бастауыш білім беруде 2-сыныпта – 13 сағат, 3-сыныпта – 26 сағат, 4-сыныпта – 26 сағат.Негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 16 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, 7-сыныпта – 31,5 сағат, 9-сыныпта – 34 сағатты құрайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2.Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәкестігі және сақталуы

2023-2024,2024-2025 оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілді.Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалды.Сынып журналдарын, жұмыс оқу жоспарын және сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталған.Сынып бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына

сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

3. Соғылтырды, сонның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ.

14-тармақ. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

1. ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жаспы орта білім берудің мемлекеттік жаспыға міндетті білім беру стандарты бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі

Оқу жылдарындағы бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім беру садалары бойынша оқу пәндерінен білім алушылардың білім деңгейі «Білім класс» электрондық журналдан анықталады. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнының көлемін менгеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды бақылау өткізілген. Аттестаттау жұмыстары хаттамамен ресімделген. Аттестаттау ресімі білім алушылардың бағдарламаларды менгергендігі анықталды. Оқушылармен теориялық сабақтармен қатар практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізілген. Бақылау жұмыстары алынған. 5-8 сынып білім алушылары қазақ тілі пәнінен аралық емтихан тапсырып, қорытынды бағасы шығарылып, оқу жылының қорытындысы бойынша сыныптан-сыныпқа көшірілді. Оқу жылдары бойынша 9-сыныптың емтихан кестесі жасалып, бекітілді. Емтихан оқу бағдарламасына сай жүргізілді, хаттамалары талапқа сай жазылған. 9-сынып білім алушыларына аттестаттаудың қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы аттестат берілді.

2. Қазақстан Республикасы Білім және зылым министрлігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жаныптық бағалау талаптарын сақтау

Оқу жылдарындағы сынып журналдарындағы бағалау «Білім класс» ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жылыптық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелген жоқ. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жылыптық бағалау талаптарын сақтау бойынша жұмыстар жүргізілген.

15-тармақ. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

1. Түсті деңгейдегі жаспы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылды. Мектеп директорының

бұйрығымен 1- сыныпқа қабылдау бұйрығы шығарылып, оқушылар жинақталған. Оқушылар басқа білім беру ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырады.

2. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

2023-2024 оқу жылы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР Оқу ағарту министрлігінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығын , Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы 01-2-15/5174 хатын басшылыққа ала отырып күн тәртібінде қаралған хаттамаланған.


- 1) 2023 оқу жылының басталуы 1-қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы- 1-сыныптарда 33 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда -34 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері : 1-9 сыныптарда – күзгі 7 күн (2023 жылғы 30 қазан- 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы -10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі -11 күн (2024 жылғы 21 наурыз бен 31 наурызды қоса алғанда). 1-сыныптарда қосымша каникул 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда). 2-9 сыныптарда сабақтың ұзақтығы -45 минут берілген. Барлық сыныптарда оқу жылының ұзақтығы мен оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығының талаптары сақталған.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

Аттестаттау комиссиясы ұсынады:

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, бітіруші класс аралығында жүргізілген кесінділерде көрсеткен білімдерінің деңгейін тексеру, материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін жан-жақты талдап, «Талдық негізгі орта білім беретін мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау материалдары Ақтөбе облысының білім саласындағы қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.
2. Мұғалімдердің өз білімдерін жан-жақты жетілдіру , тәжірибе жинақтау мақсатында түрлі баспа бетіне өз тәжірибелерінен материал жариялау, әдістемелік құралдар әзірлеу, электронды орта даярлап шығару жұмыстары жүйелі түрде жолға қойылсын.
3. Мұғалімдердің біліктілік санаттарын көтеру, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші біліктілік санатты мұғалімдер қатарын көбейту мақсатында әдістемелік кеңес жұмысы жандандырылсын.
4. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбие жұмыстарын , оқушылардың білім сапасын, мектептің материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін жан-жақты талдай келе, өзін-өзі аттестаттау қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Комиссия төрағасы:
Комиссия мүшелері:



Аманов К.Л.
Кенжебаева Г.Б.
Избасаров Ж.Е.
Казыбекова Г.С.
Арганатова А.С.
Сейтимова Г.Р.